

Ғарыш қызметі аясында жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парағының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі төрағаның м.а. 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 47/нқ және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 20 сәуірдегі № 120 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 21 мамырда № 7672 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 17 тамыздағы № 858 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 631 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 17.08.2015 № 858 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.09.2015 № 631 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 13-бабының 3-тармағына және 15-бабының 1-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған ғарыш қызметі аясында жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парағының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің Стратегиялық жоспарлау және техникалық реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін оның ресми жариялануын;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыш агенттігі төрағасының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғаш ресми жарияланғанынан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық ғарыш агенттігі
төрағасының міндетін атқарушы
_____ М. Молдабеков

Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және
сауда министрі
_____ Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасының
Ұлттық ғарыш агенттігі
төрағасының міндетін
атқарушысының 2012 жылғы
16 сәуірдегі № 47/нқ және
Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және
сауда министрінің 2012 жылғы 20
№ 120 бірлескен бұйрығымен
бекітілген
Нысан

Ғарыш қызметі аясында жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____
Тексерісті тағайындау актісі _____
(№ , күні)

Кәсіпкерлік субъектісінің атауы _____
СТН (ЖСН , БСН)

Орналасқан мекен-жайы _____

№ р/с	Талаптары	Сәйкес келеді (+)	Сәйкес келмейді (-)	Талап етілмейді (кажеті жоқ) (+)
1.	Жеке тұлғада лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімінің болуы			
2.	Жеке тұлғада ғарыш кеңістігін пайдалану саласында үш жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы			
3.	Заңды тұлғаның бірінші басшысында жоғары білімінің және басшы лауазымында үш жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы			
4.	Заңды тұлғаның штатында біліктілігіне сәйкес кемінде үш жыл жұмыс өтілімен лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар мамандар құрамының 10% кем емес болуы			
	Меншік құқығында немесе өзге де заттық құқықта техникалық-өндірістік базаның (үй-жайлардың, арнайы			

5.	зертханалық, стенділік, өндірістік, технологиялық, сынақтық және өлшегіш жабдықтың, бақылау-тексеру аппаратурасының) болуы			
6.	Жобаның мақсаты, өндіріс өрістейтін немесе қызметтер көрсетілетін аумақ, мәлімделген жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ететін технологиялық процестің сипаты, мәлімделген жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ететін техникалық жобаның болуы			

Тексерісті жүргізген _____
(лауазымы) (Т.А.Ә.) (қолы) М.О.

Талаптардың бұзылғаны анықталған жағдайда акт құрылған күні мен нөмірі көрсетіледі (20 __ жылғы «__» _____ №____)

Тексеру нәтижесімен таныстым (келіскен/келіспеген) _____
(Т.А.Ә.) (қолы)

20 __ жылғы «__» _____

Тексеру қорытындысы бойынша тексерілетін субъект _____
(субъектінің атауы)

топқа ауыстырылады («+» белгісімен белгілеу):

тәуекелдің жоғары дәрежесі	тәуекелдің орташа дәрежесі	тәуекелдің маңызды емес дәрежесі

О р г а н н ы ң

б а с ш ы с ы :